

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 3, Number 313 (2017), 164 – 172

UDC 338.43

A. Zh. Bakhtiyarova

NARXOZ University, Almaty, Kazakhstan
Alasha_80@mail.ru

THE BASIC PROBLEMS AND CURRENT SITUATION IN THE
AGRICULTURAL SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The aim of the research is to study the sustainable development activities of the agricultural sector in the Republic of Kazakhstan and study of the theoretical and practical foundations for the improvement of the industry development. The importance of the work covers the current state of the agricultural sector in the Republic of Kazakhstan and its key issues. The opportunities to boost the country's agriculture programs aimed at the development of the agricultural sector and measures that are being implemented are described in the article. However, the development of the agrarian sector of the Republic of Kazakhstan still has some issues unresolved, particularly, the improvement of the commodity producers performance, the insurance system producers, low-income commodity producers, agricultural production subsidies, farms and the consolidation of farms, lack of skilled workers, domestic agricultural producers, inability to compete with low quality products.

Key words: agricultural sector, competitiveness, subsidies, investments, farmers.

ӘОЖ 338.43

А. Ж. Бақтиярова

НАРХОЗ Университеті, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ
САЛАСЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Зерттеу мақсаты Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамытуда атқарылған іс-шаралар мен саланың дамуын жетілдірудегі мәселелердің теориялы-тәжірибелік негіздерін зерделеу.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының бүгінгі жай-күйі мен негізгі мәселелері жұмыстың маңыздылығын құрайды. Ауыл шаруашылығын көтеру, ол үшін қолда бар мүмкіндіктер, аграрлық саланың дамуына бағытталған бағдарламалар мен іске асырылып жатырған іс-шаралар сипатталған. Қазақстан Республикасының аграрлық саласын дамытудағы әлі де болса шешімін таппаған негізгі мәселелердің болу себептері анықталған. Атап айтсақ, тауар өндірушілердің өнімділігін көтеру, тауар өндірушілерді сақтандыру жүйесі, тауар өндірушілердің табысының төмендігі, ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялау, шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарды ірілендіру, білікті мамандардың жетіспеушілігі, отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің өнімінің сапалылығының төмендігі, бәсекеге қабілетсіздігі.

Түйін сөздер: аграрлық сектор, бәсекеге қабілеттілік, субсидиялау, инвестициялар, фермерлерлік шаруашылықтар.

Аграрлық сала - еліміздің экономикасының потенциялы жоғары, мүмкіндігі мол, ұдайы өндірістік және әлеуметтік мәні бар негізгі салаларының бірі болып табылады. Ауылшаруашылығын дамыту кедейшілікпен және аштықпен күресудің бірден-бір жолы.[1]

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев жыл сайынғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Халыққа Жолдауында «Аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керек» деген болатын. Жолдауда Елбасы атап көрсеткендей еліміздің агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор және де әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндіруші-

лердің бірі болуға мүмкіндігіміз мол, яғни сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруға, соның ішінде «Made in Kazakhstan» брэндін жасауға бет бұру қажет, тек сонда ғана біздің еліміздің аграрлық саласы халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті бола алады.[2]

Аграрлық саланың дамуы, Қазақстанның жүзеге асырып отырған экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі болып саналады. Жыл өткен сайын агроөнеркәсіп кешеніне басты назар аударылып келеді, сондай ақ, бұл экономиканың тұрақты дамып келе жатқан саласы ғана емес, экономикалық тұрғыдан тартымды саласы екенінде атап өткен жөн. Соңғы 10 жылда аграрлық өндіріс саласының көлемі 41%-ға ұлғайды. Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, ауыл шаруашылығы өнімін экспорттау 59%-ға ұлғайып, 2,0 млрд. АҚШ долларынан асты, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне шығарылған өнім көлемі 379 млн. АҚШ долларын құрап отыр.

Күні бүгінге дейін еліміздің аграрлық саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша көптеген шаралар жүзеге асырылды. «Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес 2011 жылдан бастап агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау 68,1 млрд. теңгеден 2016 жылы 176 млрд. теңгеге немесе 2,6 есеге өсті. Бұл ретте, агроөнеркәсіптік кешенге арналған шығыстар үлесінің айтарлықтай ұлғайғанын (2011 жылғы 32 млрд. теңгеден 2016 жылы 153 млрд. теңгеге немесе 4,7 есеге) атап өту керек. Мемлекеттік қолдаудың жаңа құралдары енгізілуде, тиімді субсидия түрлерінің нормативтері жоғарылап, тиімсіз нормативтер төмендеуде. Бұл, әсіресе, ЕАЭО пен ДСҰ мүше Қазақстан үшін бірқатар міндеттемелер, оның ішінде ауыл шаруашылығы бойынша міндеттемелер алған қазіргі уақытта қажет. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі кезінде мемлекеттік қолдау жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің 8,5%-ы деңгейінде сақталды.[4]

Қазіргі уақытта 2015 жылғы 29 қазанда Мемлекет басшысы қол қойған «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңның күшіне енуіне байланысты ұсақ ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің бірігуіне тосқауыл қоятын кедергілер жойылды. Өнімдерді өткізу, өндіріс құралдарын сатып алу, ауыл шаруашылығы техникасына және білімді таратуға қол жеткізу мәселелері бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің кооперациясы үшін жағдай жасалынды. Бұның артықшылықтарына өндіріске арналған шығыстарды үнемдеу, өткізу нарықтарына қол жеткізу есебінен табысты арттыруды жатқызуға болады.

Сондай-ақ, мемлекетіміздің аграрлық саласының бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін көптеген жобалар мен құжаттарға қол қойылды, атап айтсақ, ет пен сүт саласына стратегиялық инвесторлар тарту және ет саласының әлемдік нарығында көшбасшы болып табылатын ірі компаниялармен ет экспортын қамтамасыз ету бойынша инвестициялық жобалар құру туралы құжаттар, соның бір дәлелі қытайлық «Rifa Holding Group» трансұлттық корпорациясы мен «Еуразия агрохолдинг» компаниясы Шығыс Қазақстан облысында ет кластерін құру жөніндегі меморандумға қол қойды. Сондай ақ, еліміздің ірі кәсіпорындарының бірі «Актеп» ЖШС мен италияндық «Inalca Eurasia» компаниясы республиканың үш облысында жалпы қуаты бір уақытта 44 мың басты бордақылайтын бордақылау алаңдарын салу үшін тігінен интеграцияланған компания құруды, сондай-ақ ет комбинатының қуатын 20 мың тонна ет және ет өнімдеріне ұлғайта отырып, жаңғыртуды көздейтін инвестициялық келісімге қол қойды. Инвестиция көлемі 100 млн. долларды құрайды. Сондай-ақ компания қазақстандық ет брэндін жасауға және оны Еуропа елдері мен Ресейге экспорттауды қамтамасыз етуге ниет білдіріп отыр.[4]

Қазақстан экономикасында ауыл шаруашылығына негізгі роль берілгенмен, аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, экономиканың осы саласында шешімі табылмаған мәселелер әлі де аз емес екенін атап өткен жөн. Аграрлық саланың бәсекеге қабілеттілік деңгейі уақыт талаптарына толықтай сәйкес келе бермейді. Аталған мақалада сол аграрлық саладағы мәселелердің кейбіреулері қарастырылады.

Негізгі қиындықтардың бірі- заманауи фермерлік формаға көшудің аяқталмауы, сондай ақ, салаға құйылатын инвестиция көлемінің жеткіліксіздігі. Бұл жағдай әсіресе, ет, сүт саласында байқалады, тұтынушылық сұранысты қанағаттандыру үшін аталған өнімдерді сырттан әкелуге (импорт) мұқтаждық. Тағы бір шешімін табуды қажет ететін мәселе- бұл жиналған өнімді сақтау үшін алаңдардың жетіспеуі.

Агроөнеркәсіп секторының мәселелерін уақытылы шешу үшін, сөзсіз осы мәселелерді жақсарту мақсатында мемлекетпен көптеген шаралар кешені қабылдануда, қаржыландыру көлемі

ұлғайтылып, жаңа бағдарламалар қабылданып, мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктері қалыптасуда. Жыл өткен сайын статистика осы саладағы жағымды динамиканы көрсетіп отыр: өнімнің жалпы көлемінің өсуі, отандық өндіріске шетелдік инвестициялардың өсуі, жаңа ауыл шаруашылығы объектілерінің қалыптасуы және т.б. Бірақта, бұл шаралардың қызмет етуі жеткіліксіз, себебі күн тәртібінде әліде көптеген күрделі сұрақтар бар. Мысалы, ауыл шаруашылығы өнімдері импортының артуы, азық-түлік тауарларына бағаның өсуі, ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының тетіктері мен құрылымының өзгермеуі. Отандық ауыл шаруашылығы саласы дамуына әсерін тигізетін мәселелердің негізгісіне ауылшаруашылығы өнімдерінің көп бөлігінің ішкі және әлемдік нарықтағы өнімділігі мен бәсекегеқабілеттілігінің төмен деңгейі тән.

Ауыл шаруашылығындағы мәселелер қатарын психологиялық тұрғыдан да қарастырған жөн, ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер бүгінгі таңда мемлекет ұсынып отырған жағдайларға дайын емес, демек, олардың көбісінің өз алдына қойған үлкен, макродеңгейдегі мақсаттары жоқ. Бұл шаруалар мен фермерлердің нарықтық экономикаға мәжбүрлі түрде тез қадам басуы. Бұрынғы КСРО-ның барлық мемлекеттері бетпе-бет ұшыраған мәселенің бірі - бұл нақты нарықтық жүйеде жұмыс істей алмау, болашаққа деген үрей, нарықтың талаптарын дұрыс түсінбеу, міне, осының салдарынан көптеген шаруашылық салалары құлдырады.

Демек, ауылшаруашылығы жүйесіндегі мәселелерді терең мағыналау үшін, бүгінгі таңдағы маңызды көптеген себептерді анықтау қажет, бұл мәселелер елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігіне кері әсерін тигізеді.[5]

Біріншіден, ауыл шаруашылығы өндірісін сақтандыру. Экономиканың басқа салаларына қарағанда, ауыл шаруашылығы ауа-райының қолайсыз жағдайларына, стихиялық жағдайларға байланысты жоғары тәуекелге жақынырақ. Осыған байланысты ерекше назарды елдің ауылшаруашылығы саласындағы табыстарды сақтандырудың тұрақты-қызмет етуші жүйесін қалыптастыруға аудару қажет, бұл ауылшаруашылығының тұрақты негізін қалыптастыратын тиімді механизмдердің бірі болып табылады.

Екіншіден, ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялау саясаты. Қазіргі уақытта мемлекет ағрарлық саланы дамыту үшін субсидия түрінде мол қаржыны жұмсауда, бірақ бұл саясаттың жеткілікті деңгейде тиімді жүргізілуін бағалау ерте. Өкінішке орай, мемлекеттік қаражат барлық уақытта рациональды және мақсаты бойынша жұмсалына бермейді. Елбасы үнемі өзінің сөзінде айтып жүргендей «субсидияларды бізге қажетті, сұраныс туындататын ауылшаруашылығы өнімдерін өсірумен айналысатын, ауыл шаруашылығы саласына озық технологияларды өндіруші тауар өндірушілер алуы қажет». Мемлекеттен субсидия алушы кәсіпкер өзінің өндірісін жаңғыртпайды, өнім өндіру көлемін арттырумен айналыспайды, жаңа жерлерді игермейді. Бұдан басқада мәселе бар- мемлекет пен кәсіпкер арасындағы заңсыз делдалдық, көп жағдайларда мемлекетпен жоспарланған қолдауды соңына дейін жеткізуге мүмкіндік бермейтінде жағдайлар кездесін жатады.[3] Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ұсынысы бойынша біріншіден, агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау тетіктерін табысты іске асыру үшін «Ағробизнес-2020» бағдарламасының толық көлемде қаржыландырылуын қамтамасыз ету қажет. ЕАЭО пен ДСҰ-ның бірыңғай нарығын құру да осыны қажет етеді, онда қатысушы елдердің ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері әр түрлі мемлекеттік қолдау көлемдері жағдайында нарыққа қол жеткізу үшін бірдей шарттарға ие болады [4]

Қалыптасып отырған жағдай себептерінің бірі «Ағробизнес-2020» бағдарламасының құралдарын жеткіліксіз қаржыландыру болып табылады. Мысалы, 2013 жылы жеткіліксіз қаржыландыру көлемі 26 млрд. теңгені (14,13%), 2014 жылы 110 млрд. теңгені (35,4%), 2015 жылы 115 млрд. теңгені (34,4%), 2016 жылы 127 млрд. теңгені (36,8%), 2017 жылы 175,0 млрд. теңгені (45,7%) құрайды. Нәтижесінде, салаға жұмсалынған инвестициялар көлемі салыстырмалы түрде төмен болды.

Әрине, 2016 жылы еліміздің ағрарлық саласын қолдауға бөлінген инвестиция 253 млрд теңгеге өсті, бұл жақсы көрсеткіш. Ол 2015 жылмын салыстырғанда 51 пайызға көп. Нәтижесінде ел экономикасына тартылған барлық инвестициялардың ішінде ауыл шаруашылығының үлесі 3,3 пайызға өскен. Ал өндіріс 5,5 пайызға көбейген. Дейтұрғанмен, сарапшылардың пайымдауынша, инвестицияның мұндай жылдам өсімі шаруалардың да өз кәсіптерін дамытуға қосқан үлесінің арқасында болып отыр. 2016 жылы шаруалардың өздері қосқан салым мөлшері 53 млрд теңгені

құрады. Бірақ, аграрлық сала кәсіпорындарының қарыз қаражаттарына тәуелділігі артқан. Егерде, инвестициядағы банктік несиелер мен қарыздың үлесі 2015 жылы 18% болса, өткен жылы 25% дейін артқан. Бір жыл ішінде алынған қарыз көлемі 33 млрд теңге, негізінен соңғы екі жылда ең көп мөлшерде несие алған «КазАгро» холдингі (45%)[6]

Мемлекет кез келген салаға, соның ішінде, ауыл шаруашылығына құйылған қаржыдан шынайы табысқа қол жеткізуі үшін жұмысты ақырғы нәтижесі бойынша бағалауы қажет. Өндіріс нәтижесінің белгісіздігіне сәйкес, кәсіпкерлерден нақты жоспарларды талап ету қажет, демек, қандай өндіріс, қашан, қай мезгілде, қандай мамандар мен технологиялардың көмегімен өндіріс жүзеге асырылады және нақты жобамен шығындар мен зияндарға жұмсалатын қаржы сомасы шамамен қандай болады. Кәсіпкерлерге қаржылық ресурстарды аудару кезінде мемлекет бөлінген, жоспарланған қаржының уақытылы жеткізілуін қадағалап, бақылау қажет. Өндірістік қызметтің бастапқы кезеңінде мемлекет тауар өндірушілерден алдын ала берілген жоспар бойынша есептерді сұрауы қажет. Сондай ақ, мемлекет тарапынан, тиісті орындар осы берілген есептегі ақпараттың шынайылығына көз жеткізу үшін өндіріс орындарына баруы қажет. Себебі, мұндай мемлекеттік қолдауға ие болған тауар өндірушілер осы ресурстарға отбасының барлық мүшелерімен бірге жауап беруі тиіс.

Қазақстанда мемлекет үшінде, тауар өндірушілер үшінде мемлекеттік реттеудің барлық салада болғаныда жөн болар еді. Мұндай монореттеу ауылшаруашылығы саласын мемлекеттік тапсырыстар арқылы дамытуды білдіреді. Мысалы, мемлекет қандай да бір өнім түрін өсіру, өндіру немесе малшаруашылығы өндірісінің белгілі бір түрлерін дамытуға тапсырыс берсе, бұл жағдайда не мемлекет, не тауарөндіруші ешқандай зияға қалмайды. Демек, ауыл шаруашылығын шаруалар мен фермерлерге дұрыс бағыт беріп, мемлекет нақты да қатаң шараларды қолдануы тиіс.

Үшіншіден, шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтарды ірілендіру. Қазақстан Кеден Одағына кірген соң шағын және орта тауар өндірушілер арасында бәсеке күшейді. Субсидиялау бағдарламалары арқылы аграрлық саланы қолдау әсерлі нәтиже бере қойған жоқ. Отандық салаларды индустриализациялаусыз мәселелерді шешуге және қандайда бір қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға сеніп қажеті жоқ. Бұл мәселелерді дереу шешу қажет, себебі ДСҰ мүше болған біздің мемлекетіміздің отандық өндірушілері үшін жағдай қиынға соғады. Ауылдық кооперативтерді қалыптастыру көптеген мәселелердің шешімін табуға көмектесер еді. Тек бірігу арқылы ғана аграршылар егіс айналымын сақтай алады, озық технологияларды, техниканы, тыңайтқыштарды немесе тұқымды көтерме бағаман сатып ала алады, субсидиялар алып, мемлекеттік сатып алулар үшін лот қалыптастырып, қайта өңдеуді жолға қойып, ең бастысы — өнімді пайдамен өткізеді.

Шағын шаруа қожалықтарын ірілендіру процессі бірінші жыл жүргізіліп отырған жоқ, бірақ, нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Жағдайдың қиындығы бірі біріне қарама-қарсы заңдардан тұратын нақты құқықтық механизмдердің жоқтығымен байланысты. Демек, осы құжаттардағы кемшіліктер себебінен, кооперация қызметтерінің айқын еместігінен шаруалар мен фермерлер ұсақ болсада өздерінің меншігін-жеріп жоғалтудан қорқады. Ұсақ, тіпті орта шаруалар мен фермерлер қаржылық ресурстардың жоқтығынан өзінің өндірісін дамытуға жаңа технологияларды енгізу мүмкіндігі жоқ. Көптеген шаруашылықтардың егістік алаңы 500 гектарды да құрамайды, осыған байланысты олар жаңа түгілі, ұсталынған техниканы да сатып алмайды. Нәтижесінде меншік иелері өздерінің өнімдерін сатып алушыларға төмен бағамен сатуға мәжбүр болады. Осы жүйені түбегейлі өзгерту үшін ауылшаруашылық кооперативтерін құру көзделіп отыр, нарықтың барлық субъектілерінде (ірі компаниялар мен ұсақ өндірушілер) даму үшін тең жағдайлар мен жеке, бірлескен және мемлекеттік кірісті арттырудың мүмкіндіктері болады.

Барлық өзгерістер нәтижесінде, ауыл шаруашылығы әрі қарай өндірісті әлдеқайда тиімді және сапалы басқаратын, қажетті ауылшаруашылық технологияларын енгізетін және оны ақылмен пайдаланатын басым саны ірі және орта ауылшаруашылық тауар өндірушілері бар салаға айналуы тиіс. Біріккен шаруаларға, сондай-ақ бір өндірушіге қарағанда несие алу қолжетімді және тиімді. Мемлекет, өз кезегінде несие беру жүйесін қамқорлығына алуы тиіс, пайызсыз болмасада кем дегенде, пайыздық мөлшерлемесі 1-5% ұзақ мерзімді мерзімі-25-30 жыл болатын несиелер.

Өндірістік кооперативтерді құру мен жұмыс істеуі кезіндегі маңызды жәйттің бірі болып ауыл шаруашылығы мамандарының қызметін ынталандыру қызметі табылады. Мысалы, кооперативтің

әрбір мүшесі жылдың соңында не ірі ауқымдағы мемлекеттік мерекелерге сәйкес жер үшін дивидендтердегі өз үлесін, мүлкін (мал, техника) алуы тиіс. Стратегиялық тұрғыдан маңыздысы ұйымдарда, әсіресе жаңадан жұмысын бастаған аграрлық кооперативтерде ынталандыру шараларымен жағымды психологиялық климатты қалыптастыру, бұрынғы шаруалар мен фермерлерге бұл бірлескен өндірістің жалғыз жұмыс істеуге қарағанда анағұрлым функционалды және тиімді екендігін іс жүзінде көрсету. [7]

Төртінші, жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі. Ауыл шаруашылық өнеркәсібінің тиімді жүйесін қалыптастырудың маңызды шарты болып техникалық, агрохимиялық, экономикалық салалардағы білімі және дағдылары бар білікті еңбек ресурстары – қызметкерлердің болуы табылады. Адами фактор ауыл шаруашылығы саласын жақсарту мен қамтамасыз етудің негізі ретінде болады, жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі қолданыстағы мемлекеттік аграрлық саясаттың бүкіл процессін баяулатады. Қазақстанда бұл көбіне автоматтандыру және өндірісті жаңғыртумен байланысты емес, жабылатын өндіріс есебінен аграрлық еңбектің беделінің төмендеуімен және төмен жалақымен негізделген.

Жас мамандардың ауылдық жерлерде ауқымды бекітілуі үшін ел басшылығымен 2009 жылдан бері «Дипломмен ауылға!» жобасы жүзеге асырылуда. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған елеулі әлеуметтік қолдауға қарамастан, ресми статистикалық деректер ауыл шаруашылығында жастардың жұмыспен қамтылуының кері көрінісін көрсетеді. Осыдан еңбек ресурстары не бірте-бірте қызметтің басқа саласына ауысуда, не жұмыссыз деп болжауға болады. Олардың жас мамандардың ауыл шаруашылығында жұмыс істеуге ынтасының болмауы өзге мәселені тудырады – "кадрлардың қартаюы". Қаралып отырған мәселеде бөлек сұрақ бұл ескі стандарттарға, ескірген білім мен оқу-әдістемелік құралдарға негізделген еліміздің жоғары оқу орындарындағы оқыту мәселесі, соның нәтижесінде кәсіби кадрларды дайындаудың әлсіздігі байқалады. Ауыл шаруашылығына білікті кадрларды тарту процесіне теріс әсерін тигізетін жағдай ауылдағы тіршілік жағдайынан туындайды. Көптеген жас мамандар үшін келісеп бермейтін шарттар келесілерден көрінеді: біріншіден ауылдық жерлерде балабақшалардың, әлеуметтік-мәдени, коммуналдық-тұрмыстық мекемелердің жетіспеушілігі, екіншіден, өз қызметін жалғастырушы мекемелер қызметтерінің сапасының нашарлауы. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жоғары білікті мамандардың тапшылығы мәселесін жүйелі түрде шешу үшін бастапқыда мемлекеттің экономикасының басты салаларының бірі – ауыл шаруашылығына деген өскелең ұрпақтың елеусіз қарым-қатынасын идеологиялық негізде өзгерту қажет. Мамандықты асқан жауапкершілікпен дұрыс таңдай білу қажет, бір жағынан грант негізінде білім алу үшін жастар агротехникалық ЖОО оқуға түседі, ал диплом алған соң өзінің мамандығы бойынша жұмысқа орналаспайды, барлығы қалада жұмыс істегісі келеді. Кәсіптік жолды таңдау әсіресе, ауыл шаруашылығы саласында саналы және жоспарланған болуы тиіс.

Жаһандану жағдайында, жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуімен, бәсекелестіктің өсуімен осы уақытта дүниеге келген ұрпақта өзгереді – олар өзгермелі жағдайларға бейімделуімен, жылдам дамуымен шығармашылық ақылымен дербес ерекшеленеді. Дәл осы тұрғыдан кадрларды даярлау жүйесін жақсартуға әрекет ету қарастырылады – одан әрі ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындарына оқуға түсуі үшін оқушыларды арнайы іріктеу арқылы қабылдайтын ауылдық мектептерде мамандандырылған ағросыныптарды құру, яғни оқуы аяқталғаннан кейін олар өз қызметін АӨК жүйесінде жалғастыра алар еді.

Басқа да салалардағыдай, ауыл шаруашылығы саласында да АӨК кәсіпорындарымен жоғары оқу орындарының интеграциялануы күшейтілген қарқынмен жүруі тиіс, яғни кәсіпорындар жұмысқа қабылданатын мамандарға өздерінің талаптары мен шарттарын қоюы тиіс. Ал жоғары оқу орындары, сонымен қатар, АӨК кәсіпорындарымен тұрақты байланыс орнатуы керек, болашақ жұмыс берушіден шәкіртақы алу есебінен тағылымдама, тәжірибе өту мүмкіндігі көзделген мақсатты мамандар даярлау шарттар жасауы керек, бір сөзбен айтқанда болашақ мамандардың білімі мен дағдыларын жетілдіру үшін мүмкіндіктер құру. Ескірген білім беру бағдарламасы негізінде оқыту, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларының жетіспеушілігінен кәсіби кадрларды даярлаудың әлсіздігі сәйкесті инвестициялардың көмегімен өз шешімін табуы керек, аграрлық ғылымға инвестициялар ауыл шаруашылығына тартылатын тікелей инвестициялардан әлдеқайда тиімді. Осы жағдай бойынша, яғни технологиялық жаңғырту

сұрақтары бойынша сапалы серпіліс талап етіледі – отандық аграрлық зерттеулердің жоғары дамыған жүйесінің дамынуына сүбелі үлес қосу керек, сондай ақ, олардың жүзеге асырылуына мониторинг пен бақылау қажет. [8]

Бесінші, азық-түлік қауіпсіздігі. Жоғарыда аталған мәселелерден басқа, қазіргі уақытта азық-түлік қауіпсіздігіне де талап күшейіп отыр.

Ауылшаруашылық өндірісі елдің экономикасы мен азық-түлік қауіпсіздігі және адамдардың қажеттілігін қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарады. [13]

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің тиімді жұмыс жасауы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру барысындағы өзекті мәселе болып табылады. Экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру мен тұтыну қажеттілігі тауардың осы түріне деген сұранысқа байланысты, денсаулықтың жалпы ұлттық құндылық екенін қоғамның сезінуі, сонымен қатар адамдардың өз денсаулығының бағасын түсінуімен байланысты. Экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру мен тұтынудың басты мақсаттары- халықтың денсаулығын, иммунитетін жақсарту, орташа өмір сүру мерзімін ұзарту, сәбилер мен балалар өлімін азайту. Экологиялық таза өнім өндірісі табиғи ресурстардың жағдайымен, технологиялық үрдістердің деңгейімен, өндірісте қолданылатын заттардың сапасымен, олардың қоршаған ортаға әсерімен қалыптасады. Оларды басқару және жоғары сапалы өнім өндірісінің үрдісін экономикалық реттеу үшін жоғары мамандандырылған білім, мәліметтердің кең базасы, қамтамасыз ету мен бақылаудың сәйкес қызметтерінің болуы қажет. [14]

Алтыншы, ауылшаруашылығындағы мемлекеттің ақпараттық саясаты. Осыған байланысты, мемлекеттік билік иерархиясында ақпараттық билік маңызды орын алады, ауылшаруашылығы саласында да ол өз маңыздылығы мен өзектілігін жоймайды. Ауылшаруашылығы сферасында ақпараттық ықпал студі дамыту Кеңес Одағы кезінде басталды, бірақ ол аграрлық насихаттаудың тиісті нәтижелерін алумен ауыл шаруашылығы тақырыптарының, БАҚ-тың құрылымданған жүйесінің хабарларын нақты атаулы бағыттарымен ерекшеленген.

Қазақстандық ауыл шаруашылығы саласының дамуын арттыруға қабілетті ұсыныстар кешенін атауға болады:

1. Пайдаланылатын фактілердің шартсыз дәлдігі мен дұрыстығы. Кез келген жүйедегі қақтығыстардың туындауының жиі таралатын себептерінің бірі болып сенімсіз ақпаратты алу және жіберу, немесе соңына дейін дұрыс ашылмаған ақпараттар табылады. Осылайша, атап айтқанда, мемлекет елдегі ауыл шаруашылығының жағдайы туралы сандық статистикамен толықтырылған ресми деректерді шығарғанда және осы саланың табысты жұмысы туралы мүдделі тұлғаларды куәландыра отырып, кей жағдайларда ауыл шаруашылығының нақты жай-күйіне қатысты қарама-қайшылықтар орын алады. Осындай сауатсыз шешімдер нәтижесінде мемлекет пен қоғам арасында үлкен кедергі құрылады, бұл мемлекеттің оның халқы алдындағы құрметі мен беделінің жоғалуына қауіпті.

2. Озық тәжірибелерді зерделеу мен насихаттау. Сондай ақ, бір жерде болатын бірегейлік пен практикалық тәжірибе тиімді болуы мүмкін. Осы идеяға сай басқа елдердің озық тәжірибесін жан-жақты зерттеу қажет, олардың алынған нәтижелерін тек шығындарын өлшеп, оң және теріс жақтарын, отандық ауыл шаруашылығы нарығының даму ерекшеліктерін ескере отырып шешім қабылдау қажет – бұл тәжірибе жарамды және пайдалы ма? Озық тәжірибені енгізудің айрықша қажеттілігін тек ұзақ уақыт мал шаруашылығы саласына тиімді жаңа технологияларды енгізумен айналысатын маман куәландыра алады.

3. Жаңалықтардың, тәсілдердің, технологиялардың экономикалық және идеологиялық негіздемесі. Аталған талап бойынша мемлекеттің негізгі міндеттері – бұл қоғамға аграрлық саясаттың дәлелдері мен аргументтерін қоғамға жеткізу, олардың нәтижелері бойынша туындауы мүмкін ауыл шаруашылығын нығайту қажеттілігінің себеп-салдарлық байланысын түсіндіру, шаруашылықты жүргізудің заманауи технологиялары мен тәсілдерін насихаттауды күшейту. Бір сөзбен айтқанда, аграрлық пресса халықтың көпшілігі үшін экономиканың осы саласын мейілінше тартымды ету үшін барын салуы керек. Салаға қаншалықты көп қызығушылық болса, соншалықты ол сапалы дами түседі. Осы талапты жүзеге асыра отырып, мемлекет ел үшін екі басқа да көкейтесті мәселені бірден шешеді – ол азаматтардың ауылдық жерлерде қалғысы келмеуі және жұмыссыздық себебі бойынша неғұрлым перспективалы қалаларға халықтың ішкі көшіп-қонуы.

4. Ғылыми білімді насихаттау. Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулер, білімнің таралуы жаһандық қауіп-қатерлерге (экономикалық және азық-түлік дағдарысы, климаттың өзгеруі және т. б.) ауыл шаруашылығын дайындау мен нығайтуда маңызды орын алады. Бұл талаптар Қазақстандық ғылымның жетістіктерінің таралуымен, отандық агротехникалық және зоотехникалық ғылымның жетістіктерін насихаттаумен, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің озық адамдарының тәжірибесін енгізумен тығыз байланысты. Мемлекет барлық жерде ғылыми тақырыптарға түрлі лекциялар, баяндамалар, конференциялар өткізу үшін жағдай жасауы, зерттеулер жасау үшін ынталандылу жұмыстарын жүргізуі, жаңа технологияларды қолдану бойынша ауқымды қоғамдық хабарламаларды арттыруы қажет, әсіресе ауылдық жерлерде. Мысалы, Непал елінде әйелдер мен ерлерді қатар ауылшаруашылығы жөніндегі білімді терең меңгеруді насихаттайды. Өйткені ол екеуі де кәсіпкерлікпен айнаса алады дейді. Ал кәсіпкерлік өз кезегінде елдің экономикасының өсіп, ауылшаруашылығының дамуына және кедейшілікпен күресуге ықпал етеді.

5. Өсімдік және мал шаруашылықтары өнімдерін өндіру мен оның экспортын арттыру. Мал шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру үшін мал жайылымдарының құнарлылығын, өнімнің сапасы мен өнімділігін арттыру қажет. Ражастандық ғалымдар алшаруашылығы маңыздылығын зерттей отырып, мал жайылымының көлемін жаңа технологиялар арқылы қысқартуды ұсынады. Ол үшін малдың жем-шөбінің колоғиялық құрамын арттыру қажет. [8] Яғни, асыл тұқымды мал алу, мал бордақылау алаңдарын құру, қайта өңдеу кәсіпорындарын жаңғырту мен жанадан салу, өсімдік шаруашылығын дамыту, егіс алқаптарын арттыру, сумен қамтамасыз етілген алқаптар аумағын арттыру.

Кең байтақ жері бар Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға ұзақ мерзімді салыстырмалы артықшылығы бар. Ауыл шаруашылығы өнімділігін және ауыл шаруашылығын қайта өңдеуде қосылған құнды арттыру бойынша жұмыстарды жалғастырып, ауыл шаруашылығында суды пайдалану тиімділігін арттырумен бірге жаһандық жылынудың ықтимал салдарына өсімдік шаруашылығын бейімделу бойынша шараларды күшейту қажет. Ауылдық жерлерде халықтың шамамен 50%-ы өмір сүретіндігін ескеретін болсақ, онда аграрлық сектордың дамуы-бұл ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырудың басты факторы болып табылады. Осы тұрғыда, оңтайлы ауылдық модельдеу, ауылдың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру. [15]

Ел алдында тұрған бүгінгі маңызды міндет бұл- ауыл шаруашылығы саласы негізгі кіріс көзіне айналдыру. Ол үшін 2021 жылға қарай ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы жиынын 30%-ға немесе 4,3 трлн. теңгеге дейін ұлғайту. Сонымен қатар, еңбек өнімділігі 50%-ға 1,2 млн. теңгеден 1,9 млн. теңгеге арттыру, экспорт 17%-ға 2,1 млрд-тан 2,5 млрд. АҚШ долларына дейін, және импорт көлемін 17%-ға 3,4 млрд-тан 2,8 млрд. АҚШ долларына дейін төмендету көзделін отыр. Сонымен қатар, суармалы жерлердің үлесін 40%-ға яғни, 1,4 млн. га 2 млн га дейін арттыру, осының нәтижесінде кіріс 30 есеге дейін көбейту. [9]

6. Кооперацияны дамыту. Ағымдағы жылы ауылдық жерлерде 176 кооператив құру жоспарлануда, бұның нәтижесінде 16 мыңға жуық өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жұмыссыздарды жұмысқа тарту көзделуде. Демек, бұл қайта өңдеу кәсіпорындарының жүктелімі артады дегенді білдіреді, атап айтсақ, сүт – 170 мың тонна (57-ден 65%), ет – 12мың тонна (54-тен 58%), өсімдік майы – 20 мың тонна (30-дан 31%), қант қызылшасының қанты – 16 мың тонна (37-ден 50%), бұл осы өнімдерді сырттан алуды азайтып, отандық тауарға сұранысты арттырып, импортқа тәуелділікті төмендетуге себеп болады. Негізгі басымдылық фермерлерге бөлінеді: мемлекеттік қолдау 7 есеге, көбейеді, кооперативтер арқылы өнімді өткізуді, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен өңдеуді 1,3 есеге дейін және жеке инвестиция көлемін 134 млрд. теңгеден 427 млрд. теңгеге дейін арттыру. [9]

Осыған орай, Үкіметтің 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қосалқы шаруашылықтар мен ұсақ фермерлік қожалықтарды ауқымды кооперацияларға біріктіру арқылы өндірістің өсімі мен ауыл тұрғындарының жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге негізделген. Бұл кооперациялар отандық аграрлық-өнеркәсіптік кешенді ішкі нарықта өзінің табиғи және құнарлы өнімдерімен тартымды етеді. [10]

Өз дамуының жаңа кезеңінде Қазақстанға халықтың сенімін жаулап, ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде өз мақсатын іске асыруда халықтың рухын көтеру қажет. Ауыл шаруашылығын

насихаттаудың негізгі міндеті мемлекет пен қоғам мүдделерін субъектінің мүддесіне сәйкестендіру. Осы қорытындыға келесілерді жатқызуға болады: аудиторияға кедергіні жеңу, оған сараланған қадам, ауыл шаруашылығы қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру. Мемлекет дер кезінде бүкіл халықтың көзінше өз жұмысында көзге түскен ірі фермерлер мен өндірістік кооперативтерді олардың жетістіктері мен табыстарын атап, көтермелеуі тиіс. Ауыл шаруашылық саласына жас мамандарды тартудың қажетті әдістерінің бірі- тек қана мемлекеттік емес, корпоративтік және жеке БАҚ-да отандық ірі фермерлер мен өндірістік кооперативтердің табыстары мен жетістіктерін жариялау, белсенді тарату арқылы Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды насихаттау. Бұдан шығатыны, ауыл шаруашылығы тақырыбының негізгі тапсырыс берушісі тіпті коммерциялық БАҚ үшін де мемлекет болуы тиіс.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ауыл шаруашылығы – бұл ерекше экономика саласы, ол өнеркәсіп салаларының немесе инновациялық технологиялардың, урбанизациялаудың қарқынды дамуына қарамастан, адам қызметінің басты түрі болған және бола береді. Жалпы бүгінгі таңда ағрарлық секторды дамыту, соның ішінде дамушы елдерде ауыл шаруашылығын дамыту өзекті мәселе болып отыр. Бұған дәлел ретінде канадалық ғалымдар Т.Аwokuse мен R.Xie Does-тің тоғыз дамушы мемлекеттің экономикасының дамуына ауылшаруашылығының әсерін зерттегендігін айтуға болады. Зерттеу әр елдерде бұл мәселенің әртүрлі екендігін көрсеткен. Бірақ, экономиканың дамуына ауылшаруашылығының дамуының әсері бар екендігі анықталған.[12]

Тұтастай алғанда, Қазақстандағы ауылшаруашылық секторы елдің экономикалық өсуінің алғышарты болады деген объективті ықтималдық бар, бірақ жоғарыда айтылған талдаулар бойынша ауыл шаруашылығын серпінді дамытуға қайшылық келтіретін өзекті мәселелер анықталды– ауылшаруашылығы тауарларын сақтандыру жүйесінің мәселелері, мемлекеттік қолдаудың дұрыс ойластырылмаған саясаты, өндірістік кооперативтерді қалыптастыру туралы сұрақ, білікті мамандардың жетіспеушілігі және т. б. Барлық осы мәселелер ел басшылығының алдында тұр және қазірдің өзінде олардың көпшілігі шешілуде, бірақ құқықтық тетіктердің кемшілікті себептерінен, сондай-ақ адамдардың психологиялық дайын болмағандығынан олардың жүзеге асырылуы ұзаққа созылған сипатта болып отыр.

Бақылау барысында сондай-ақ анықталғаны, ағрарлық саланың көптеген қиындықтары мүдделі тараптардың күш-жігерінің және сындарлы шешімдерінің арқасында шешілуі тиіс, алайда, ауыл шаруашылығының барлық жүйесінің және ондағы болып жатқан пронестердің қозғалтқыш тірегі болып мемлекет табылады, яғни оның мықты қолдауы мен назары. Әзірге, тек қаржылық көмек барлық жағдайды өзгерте алмайды, өйткені тиісті ақпараттық саясат арқылы менеджмент мәселелері, ауыл шаруашылығын дамыту стратегиясын жүзеге асыру және құрылымдық реформалар сұрақтары ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың әлі күнге күн тәртібінде қалып отыр. ДСҰ-ға енген Қазақстан үшін барлық бұл проблемалар ауыл шаруашылығы саласын жоққа шығаруы мүмкін, тиісінше мемлекеттік шаралар жүйелілігімен және жеделдігімен ерекшеленуі тиіс. Сондай ақ, ағрарлық саланы реформалау мемлекеттік қолдаудың бағыттарына өзгерістер енгізе отырып, саланы жетілдіру мен оның тиімділігін арттыруға, үлкен жетістіктер мен нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] S.Vahid, Y.M.Reza. the role of economic development and management in agriculture: a brief review // international journal of advanced biological and biomedical research (ijabbr) 2015 , Volume 3, Number 1; Page(s) 61 To 64.

[2] «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Халыққа Жолдауы, 2017 жыл

[3] Минсельхоз совершенствует механизм субсидирования сельхозтоваропроизводителей / Официальный интернет-ресурс Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан. <http://mgov.kz>. 23.09.2014. <http://ru.government.kz/kz/vvstupleniya>

[4] Проблемы АПК Казахстана: а воз и ныне там // Информационно-аналитический центр. <http://www.ia-centr.ru>. 25.08.2014.

[5] Ауыл шаруашылығына инвестиция көбейді. <http://narvk.kz>

[6] Операция – кооперация / <http://expertonline.kz>. 03.03.2014.

[7] В Казахстане наблюдается дефицит специалистов / <http://24.kz>. 26.09.2014.

[8] P.Chanda, S. Sirohib. Sectoral Priorities for Sustainable Livestock Development in Rajasthan: Lessons from Total Factor Productivity // Growth Agricultural Economics Research Review Vol. 28 (Conference Number) 2015 pp 81-92

[9] Ауыл шаруашылығы министрлігі 2017 жылы 5 бағытта жұмыс істейді. <http://narvk.kz>

[10] Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017-2021 жылға дейінгі жоспары

- [11] L.N. Paudel, U. Meulen, C Wollny, H Dahal and M Gauly. Gender aspects in livestock farming: pertinent issues for sustainable livestock development in Nepal// *Livestock Research for Rural Development* 21 (3) 2009 <http://www.lrrd.org/lrrd21/3/paud21040.htm>
- [12] Awokuse T., Xie R. Does Agriculture Really Matter for Economic Growth in Developing Countries? // *Canadian Journal of Agricultural Economics/Revue canadienne d'agroeconomie*. 2014. vol. 63, number 1. p. 77-99.
- [13] T.Long, W.Yao 2 Complexity Study of Technical Innovation in Circular Agriculture// *Management & Engineering* 10 (2013) 1838-5745 <http://search.proquest.com/openview/3bea89f19bc566df8f0dd716c0795c83/1?pq-origsite=gscholar&cbl=2028702>
- [14] Калиева Д.А. Государственная политика поддержки продовольственного рынка в Республике Казахстан // *Analytic* – 2012. – № 6. – Б. 27-29.
- [15] Исахметова А.Н., Есполов Т.К. Трансформация организационно-экономического механизма закупок и поставок сельскохозяйственной продукции // *Актуальные исследования в науке и образовании: материалы междунар. науч.-практ. конф. - на каз., рус., и англ. языках - Шымкент, типография «Алем»* 2017.- С.182-184.

REFERENCES

- [1] S.Vahid, Y.M.Reza. the role of economic development and management in agriculture: a brief review // *international journal of advanced biological and biomedical research (ijabbr)* 2015 , Volume 3, Number 1; Page(s) 61 To 64.
- [2] «Qazaqstanynng y`shinshi zhangghyruy: zhahandyq ba`sekege qabiletilik» atty Khalyqqa Zholdauy, 2017 zhyly
- [3] Minsel'khoz sovershenstvuet mekhanizm subsidirovaniya sel'khozovaroizvoditelei / *Ofitsial'nyi internet-resurs Ministerstva sel'skogo khozyaistva Respubliki Kazakhstan*. <http://mgov.kz>. 23.09.2014. <http://ru.government.kz/kz/vystupleniya>
- [4] Problemy APK Kazakhstana: a voz i nyne tam // *Informatsionno-analiticheskii tsentr*. <http://www.ia-centr.ru>. 25.08.2014.
- [5] Auyly sharuashylyghyna investitsiya ko`beidi. <http://naryk.kz>
- [6] Operatsiya – kooperatsiya / <http://expertonline.kz>. 03.03.2014.
- [7] V Kazakhstane nablyudaetsya defitsit spetsialistov / <http://24.kz>. 26.09.2014.
- [8] P.Chanda, S. Sirohib. Sectoral Priorities for Sustainable Livestock Development in Rajasthan: Lessons from Total Factor Productivity // *Growth Agricultural Economics Research Review* Vol. 28 (Conference Number) 2015 pp 81-92
- [9] Auyly sharuashylyghy ministriligi 2017 zhyly 5 baghytta zhu`mys isteidi. <http://naryk.kz>
- [10] Auyly sharuashylyghy ministriligining 2017-2021 zhylygha deingi zhospary
- [11] N. Paudel, U ter Meulen, C Wollny, H Dahal and M Gauly. Gender aspects in livestock farming: pertinent issues for sustainable livestock development in Nepal// *Livestock Research for Rural Development* 21 (3) 2009 <http://www.lrrd.org/lrrd21/3/paud21040.htm>
- [12] Awokuse T., Xie R. Does Agriculture Really Matter for Economic Growth in Developing Countries? // *Canadian Journal of Agricultural Economics/Revue canadienne d'agroeconomie*. 2014. vol. 63, number 1. p. 77-99.
- [13] T.Long, W.Yao 2 Complexity Study of Technical Innovation in Circular Agriculture// *Management & Engineering* 10 (2013) 1838-5745 <http://search.proquest.com/openview/3bea89f19bc566df8f0dd716c0795c83/1?pq-origsite=gscholar&cbl=2028702>
- [14] Kalieva D.A. Gosudarstvennaya politika podderzhki prodovol'stvennogo rynka v Respublike Kazahstan *Analytic* 2012. -№6. -Б. 27-29.
- [15] Isahmetova A.N., Espolov T. Transformatsiya organizacionno-ekonomicheskogo mehanizma zakupok i postavok sel'skohozyaistvennoi produktsii // *Aktual'nye issledovaniya v nauke i obrazovanii: materialy mezhdunar. nauch.-prakt. konf. - na kaz., rus., i angl. yazykah - Shymkent, tipografiya «Alem»* 2017.- S.182-184.

УДК 338.43

А. Ж. Бактиярова

Университет НАРХОЗ, Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ТЕКУЩАЯ СИТУАЦИЯ В СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОМ СЕКТОРЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ключевые слова: сельскохозяйственный сектор, конкурентоспособность, субсидии, инвестиции, фермеры.

Аннотация. Цель исследования заключается в том, чтобы изучить деятельность по устойчивому развитию сельскохозяйственного сектора в Республике Казахстан и исследовать теоретические и практические основы для развития промышленности. Работа освещает текущее состояние сельскохозяйственного сектора в Республике Казахстан и ее основные проблемы. В статье описываются возможности активизации сельскохозяйственных программ страны, направленных на развитие сельскохозяйственного сектора, и меры, которые реализуются. Вместе с тем в развитии аграрного сектора Республики Казахстан по-прежнему остаются нерешенными некоторые вопросы, в частности, улучшение деятельности товаропроизводителей, систем страхования, производства сырьевых товаров с низким доходом, субсидий на сельскохозяйственное производство, фермерских хозяйств и консолидации фермерских хозяйств, нехватка квалифицированных рабочих, отечественных сельхозпроизводителей, неспособность конкурировать с низкокачественной продукцией.